



QARAJANBAS

№9 • ҚЫРКҮЙЕК • 2023 «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

МҰНАЙШЫЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

Қаражанбас кен орнында мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай І вахта жұмысшыларына арналған мерекелік кеш өтті. Шарада өлке өндірісін өркендетуге үлес қосып жүрген мәртебелі мамандық иелеріне құрмет көрсетілді.

Атап айтсақ 50-ден астам мұнайшы ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі, «Мұнай-газ саласының құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісі, Маңғыстау облысы

әкімінің және «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның Құрмет грамотасы, алғыс хаттарымен марапатталды.

«Біз үшін Қаражанбас сияқты өлкенің маңдайалды мұнай компаниясында еңбек ету зор мақтаныш. Атқарған адал қызметіміздің жемісі ретінде бүгін марапатқа ие болып, ерекше көңіл күйдеміз. Бұл бізге жұмыс нәтижесін еселеуге жігер берді. Мереке құтты болсын, әріптестер!», - деді қаражанбастықтар.

Мұнайшыларға құрмет мұнымен шектелмеді. Салтанатты шарада өз ісінің хас шебері атанып, жарыста алдына жан салмаған «Үздік

маман-2023» кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздары марапатталды. ҚБМ басшылығы оларды жетістігімен құттықтап, жарыстың аймақтық кезеңіне сәттілік тіледі. Бұдан бөлек, өндірісте қауіпсіздік техникасын сақтауға үлес қосқан үлгілі жұмысшыларға сыйлық сертификаттары табыс етілді.

Мерекелік атмосфера өнер иелерінің концертімен жалғасты. Мұнайшылар әсем әндер шырқалған көңілді кештен ерекше әсермен тарқасты.

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

1-2 бет МҰНАЙШЫЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

«ҮЗДІК МАМАН - 2023» БАЙҚАУЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

3 бет

«ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕ КЕЗЕҢІ

4 бет

«ҮЗДІК МАМАН - 2023»: ҚБМ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

5 бет

КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕГІ ҚҰРМЕТ ӨНДІРУ ЦЕХТАРЫНДАҒЫ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ

6 бет

ЕҢБЕГІ ЕРЕН АРДАГЕРГЕ АЛҒЫС! ҚАРАЖАНБАСТА «ӘЙЕЛ МАХАББАТЫ» ҚОЙЫЛЫМЫ САХНАЛАНДЫ

7 бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ ЕКІ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҮЗДІК ҮШТІГІНДЕ

8 бет

ЕЛОРДАДА ҚАРАЖАНБАС ЖҰМЫСШЫСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ АДАМДЫҚ ПЕН МАМАНДЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

9 бет

ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ҚОС ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ПЖИЖЦ – МЫҚТЫ МҰНАЙШЫЛАР МЕКЕНІ

10 бет


II ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ II ВАХТА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

11 бет

ҚАРАЖАНБАСТЫҚ ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРДЫ PR МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

12 бет

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!



«МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, МҰНАЙШЫ!»



Көтеріңкі көңіл-күй, мерекелік марапат, жарқын концерттік бағдарлама... Қыркүйектің бірінші жексенбісі - елімізде мұнай-газ кешені қызметкерлері күні аталып өтеді. Қара алтын игерушілердің кәсіби мерекесіне орай дәстүр бойынша Қаражанбас кен орнындағы мәдени-демалыс орталығында салтанатты шара ұйымдастырылды.

Мерекелік концерт мәртебелі мамандық иелеріне құрмет көрсетуден басталды. Компанияның 30-дан астам қызметкері ҚР Энергетика министрлігі және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Құрмет грамоталары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік төсбелгілері, Маңғыстау облысы әкімінің және «Қаражанбасмұнай» АҚ-ынан алғыс хатпен марапатталды.

«Қаражанбас – бәрімізді өндіріс алаңында маман ретінде шыңдап, бір шаңырақ астында биік шыңға жетелеген қасиетті мекен. Мұнда еңбек ететін әр мұнайшы ыстық пен суыққа қарамастан, уақытпен санаспай өлке өндірісіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Еңбек ұжымымен бірге жұдырықтай жұмылып, жыл сайын белгіленген жоспарды сәтті орындап келеміз.

Кездескен кедергілерге қарамастан бағындырған белесіміз көп, алар асуымыз әлі алда! Мереке құтты болсын!», - деді ҚБМ Бас директоры Н.Союнов.

Бұдан соң, «Үздік маман-2023» кәсіби шеберлік байқауының іріктеу кезеңінде жеңімпаз атанған жұмысшылар марапатталды. Айта кетейік, биыл жарысқа 23 аталым бойынша 400-ден астам үміткер қатысты. Теориялық және практикалық кезеңді сәтті тапсырып, жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздар байқаудың ақтық кезеңінде Қаражанбас намысын қорғауға дайындық үстінде.

ҚБМ-да қауіпсіздік техникасын сақтап, «Қорғау» карталарын толтыруға ерекше үлес қосқан мұнайшылар да назардан тыс қалмады. Кәсіби мереке күні 30-ға жуық белсенді жұмысшыға сыйлық сертификаттары табыс етілді.

Мерекелік іс-шара өлке өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Өнер иелері көрермендерге әуезді әндерін шырқап, мұнайшылар мерекесінің ажарын аша түсті.



«ҮЗДІК МАМАН - 2023» БАЙҚАУЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Ақтауда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) компаниялар тобының «Үздік маман-2023» кәсіби шеберлік байқауы басталды. Мұнай-газ саласы қызметкерлері арасында жыл сайын өтетін дәстүрлі додада биыл Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Жезқазған қалаларынан келген және маңғыстаулық мекемелердің 150-ден астам үміткері бақ сынады. Олар үш күн бойы 17 аталым бойынша теориялық және практикалық кезеңдерде өз білімін сынға салып, шеберлігін паш етеді.

Ашылу салтанатында ҚМГ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры Ерболат Сәрсенов және «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры Нұрсейіт Союнов қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ басшылар байқау жұмысшылардың қызметте оң нәтижелерге талпынысын арттырып, кәсіби маман ретінде шыңдалуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұдан соң үміткерлер сайыстың алғашқы кезеңіне кірісті. Қатысушылардың әрқайсысына өз мамандықтары және қауіпсіздік

техникасы бойынша тест тапсырмалары берілді. Жеңіске ұмтылған мұнайшылар уақытты тиімді пайдалана отырып, үздік нәтиже көрсетуге барын салып жатыр. Айта кетейік, былтыр ҚБМ мұнайшылары жарқын жеңістерімен командалық есепте бірінші орын иеленді. Сондықтан биылғы жарыс Ақтау қаласы мен Қаражанбас кен орнының өндірістік объектілерінде өтеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша «Үздік маман» байқауына қатысатын компаниялар мен сайыскерлер саны жыл сайын артып келеді.



«ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕ КЕЗЕҢІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы жұмысшылары арасында өтіп жатқан «Үздік маман-2023» байқауы – өз ісінің нағыз кәсіби шеберлерін анықтайтын бірегей жарыс. Доданың екінші күні қатысушылар Қаражанбас кен орнына барып, 17 аталым бойынша тәжірибелік тапсырмаларға кірісті.

Ережеге сәйкес үміткерлерге жөндеу, дәнекерлеу, құрылғыларды орнату, технологиялық есептеулер мен талдау жасау, ұңғымаларға

күрделі жөндеу жүргізу сияқты тапсырмалар берілді. Қазылар алқасы сайыскерлердің қауіпсіздік техникасын қатаң сақтап, жұмысты оңтайлы әдістерді пайдалана отырып, тез әрі тиянақты орындауға баса назар аударды. «Бұл әр мекеменің мықтылары бас қосқан тартысты жарыс. Сондықтан бәсекелестік өте жоғары деп айтуға болады. Дегенмен дайындығымыз өте жақсы, намысты қолдан бермеуге

барамызды саламыз. Әріптестерге сәттілік!», - деді қаражанбастықтар. Айта кетейік, Қаражанбас кен орнындағы тәжірибе кезеңі екі күнге жалғасады. Барлық аталым бойынша қатысушылар тапсырмалады толық орындап болған соң, жалпы ұпай сандары есептеліп, жеңімпаздар анықталады. Жүзден жүйрік шыққан үздік мамандар салтанатты шара кезінде марапатталады.



«ҮЗДІК МАМАН – 2023»: ҚБМ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА!

Мықты дайындық, тартысты дода, жеңісті сәт! Ақтауда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) компаниялар тобы қызметкерлері арасында өтетін дәстүрлі дода - «Үздік маман-2023» байқауы мәреге жетті. Сайыста кәсіби шеберлік пен жылдар бойы жинаған тәжірибесін паш еткен «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары топ жарып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Салтанатты марапаттау рәсімінде ҚМГ және ҚБМ басшылығы қатысушыларды сайыстың сәтті аяқталуымен құттықтап, жүзден жүйрік шыққан үздіктерге көрсеткен кәсіби шеберлігі үшін алғыс білдірді. 17 аталым бойынша бақ сынаған қаражанбастықтар теория және практикалық кезең қорытындыларына сәйкес, 14 жүлде – бес ІІІ орын, алты ІІ орын және үш І орын иеленді.


Атап айтсақ «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» аталымында Қанат Жанаев, «Үздік қабат қысымын ұстау операторы» аталымында Жәнібек Сұлтанғалиев, «Үздік компрессорлық қондырғылар машинисі» аталымында Бақытжан Унгарбаев, «Үздік электр газ бендәнекерлеуші» аталымында Ғалымжан Ербозов және ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы үздік үштікті түйіндеді.



«Үздік токарь» аталымы бойынша Назар Балғабаев, «Үздік цементтеу агрегаты машинисі» аталымында Марат Ноғайбаев пен Сәкен Жұмағалиев, «Үздік технологиялық қондырғылар операторы» аталымы бойынша Серік Исембайұлы, «Үздік технологиялық сораптар машинисі» аталымында Рахымжан Бектілеу, «Үздік бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика слесарі» аталымы бойынша Қанат Джолдасбаев, «Үздік жүргізушілер» арасында Махамбет Теңелбаев екінші сатыға тұрақтады.

Ал Руслан Құрманбаев пен Абылай Қалмағанбетов «Үздік тауар операторы», Нұрғиса Құлов «Үздік химиялық талдау лаборанты» және Жақсылық Әуметалық «Үздік электромонтер» атағын абыроймен қорғап, І орын қанжығалады. «Жарыс ең алдымен еліміздің әр аймағынан келген мықтыларымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Үздіктер арасынан топ жарып, жүлде алу оңайға соқпады. Дегенмен намысты қолдан бермеуге тырыстық. Жарыста қарсылас болсақ та, ортақ мақсатымыз

ел экономикасын өрге домалату. Жеңісіміз бен жетістігіміз мол болсын!», - деді жеңімпаздар. Айта кетейік, үш күнге созылған мұнайшылар додасына еліміздің 8 аймағынан 17 аталым бойынша 150-ден астам үміткер қатысты. Олар өз білімін теория және практикалық кезеңде сәтті қорғады. ҚБМ басшылығы мен еңбек ұжымы компания абыройын асқақтатып, шашасына шаң жұқтырмаған жүлдегерлер мен жеңімпаздарды мақтан тұтады.



КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕГІ ҚҰРМЕТ



ҚР Мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның (ҚБМ) орталық кеңсе қызметкерлері құрметке бөленді. ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов жұмысшыларға компанияның жан-жақты дамуына қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, бірқатар марапаттар табыс етті.

Отызға жуық қызметкер ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай газ саласына қосқан үлесі үшін» медалі, Құрмет грамотасы, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның естелік төсбелгісі, Құрмет грамотасы, Маңғыстау облысы әкімінің және ҚБМ Құрмет грамоталары мен алғыс хаттарына ие болды.

«Компания жұмысының алға басуына әр қызметкердің қосатын үлесі зор. Еңбегімізді елеп, алғысын арнаған басшыларға ризамыз. Мерекелік марапат – нәтижелі жұмыс істеп, жетістікке ұмтылуға талпыныс береді. Артылған сенімді ұжым болып атқаруға тырысамыз», - деді марапат иелері.



ӨНДІРУ ЦЕХТАРЫНДАҒЫ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ

Қаражанбастағы мұнай өндіру цехтарының жұмысшылары кәсіби мерекесін ерекше атап өтті. №2 және №3 МӨЦ-на қарасты бригада қызметкерлері ұжымдық рухты нығайту мақсатында жұмыс күнінен соң цех аумағында бас қосты. Шараға «Қаражанасмұнай» АҚ Бас директоры Нұрсейіт Союнов, Өндірістік басқарма директоры Кәрім Бозахаров және бірқатар цех басшылары арнайы қатысып, жұмысшыларды мерекемен құттықтады.

«Мұнай өндіру – қиындығы мен қызығы қатар жүретін жауапты сала. Біздің басты мақсатымыз - жұмыс үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, бір үйдің баласындай тату-тәтті қызмет ету. Атқарып жүрген адал еңбегіңізге алғыс білдіреміз. Мерекелеріңіз құтты болсын!», - деді ҚБМ Басқармасы.

Ашық аспан астындағы шарада арқан тарту, ләңгі тебу, аударыспақ сияқты бірнеше ұлттық ойындардан сайыс өткізілді. Жарыс жеңімпаздарымен қатар, әр бригаданың үлгілі жұмысшыларына мақтау қағаздары мен сыйлық сертификаттары табыс етілді.



ЕҢБЕГІ ЕРЕН АРДАГЕРГЕ АЛҒЫС!

Өткеніңді ескерген - өскендіктің белгісі. Қаражанбастықтар қойнауы қара алтынға толы қазыналы кен орнының бүгінгі келбеті ардагерлер еңбегінің жемісі мен жеңісі екенін жақсы біледі. Сондықтан аға буынға құрмет көрсету компания ұжымы үшін игі дәстүр.

Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) әлеуметтік саясат департаменті қызметкерлері Қаражанбас кен орнын алғаш ашқан геолог Әділ Нұрмановты арнайы құттықтап барды. Қарияның қал-жағдайын сұрап, өнегелі еңбек жолындағы естеліктерді тыңдаған мұнайшылар компаниядағы соңғы жаңалықтармен бөлісіп, сый-сияпат табыстады.

«Қаражанбаста ең алғаш мұнай атқылаған тарихи сәт әлі де көз алдымда. Бозашы түбегіндегі сол жерлер мен үшін әрқашан ыстық. Мереке сайын елеп-ескеріп құттықтауға асығатын компания басшылығы мен жұмысшыларына алғысым шексіз. Еңбектің жемісін көріңіздер!», - деді Ә.Нұрманов.



ӨНДІРУ ЦЕХТАРЫНДАҒЫ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ


Қаражанбас кен орнының мәдени-демалыс орталығында «Әйел махаббаты» спектаклі сахналанды. Өлке өндірісін өрге сүйреп жүрген мәртебелі мамандық иелеріне Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры әртістері рухани кеш сыйлады.

Ауыр жұмыс күнінен соң беззат өнермен сусындауға асыққандардың қарасы қалың болды. Мелодрамада бір-біріне ынтызар қос жүректің махаббаты, сезім сергелдеңі, сағыныш пен өкініш сынды түрлі жағдай тоғысқан. Жұмысшылар жастық шақтың жалынды жылдары мен өмір өткеліндегі кезеңдерге кері шегініп, әлемдегі ең ұлы сезім – мөлдір

махаббатқа адалдық бәрінен биік тұратынына тағы бір көз жеткізді.

«Қойылым басталғаннан соңына дейін көңіліміз түрлі күйге бөленді. Актерлер өз ролін кәсіби деңгейде ойнап шықты. Керемет рухани демалыс үшін компания басшылығы мен театрдың шығармашылық ұжымына алғысымыз шексіз», - деді мұнайшылар.

Қаражанбастықтар бір жарым сағатқа созылған қойылымнан алған әсерін ұзақ соғылған қошеметімен білдірді. Айта кетейік, компанияда жұмысшылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мәдени шаралар мен сайыстарды жыл бойы ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінген.



ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ ЕКІ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Қаражанбас мұнайшылары кір тасын көтеруден екі дүркін Әлем чемпионы атанды. №3 мұнай өндіру цехының операторы Нартай Алтыбаев пен технологиялық көлік департаментінің жүргізушісі Айдын Ахметов байрақты бәсекеде топ жарып, алтын медальға ие болды.

Өзбекстанның Хиуа қаласында өткен білектілер бәсекесіне 25 мемлекеттен 650-ден астам спортшы қатысты. 73 келі салмақта бақ сынаған Нартай Алтыбаев жұлқа көтеруден екі аталым - ересектер және ардагерлер арасында қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Ал Айдын Ахметов серпе көтеруден 85+ келі салмақта өнер көрсетіп, шеберлігі мен төзімділігін паш етті. Жарыс

қорытындысына сәйкес қаражанбастық қос мұнайшы Әлем чемпионы атанды. «Әлем чемпионаты әр мемлекеттің мықтылары бас қосатын тартысты дода. Көп ішінен ілгері шығып, жетістікті жаңарту оңайға соқпады. Ұзақ дайындалып, төгілген тер ақталды. Бізді үнемі қолдайтын ұжымдастарымыз бен ҚБМ басшылығына алғысымыз шексіз!», - деді жеңімпаздар.

Бұдан бөлек, Хиуада кір тасын көтеруден Әлем чемпионатымен қатар өтіп жатқан Әлемдік ойындарда ҚБМ дефектоскопия зертханасының дефектоскописі Абай Халлиев те үздік нәтижеге қол жеткізді. Мықты дайындықпен көздеген мақсатқа талпынған мұнайшы жеңіс тұғырынан

көрініп, алтын медальға лайық деп танылды.

«Бұл менің әлемдік деңгейдегі алғашқы сайысым. Бағым мен бабым қатар шауып, үздіктер қатарынан көрінгеніме қуаныштымын. Жеңіске жетелеген бапкерімнің үмітін әлі талай додада ақтауға тырысамын», - деді А.Халлиев.

Чемпиондар әртүрлі вахтада жұмыс істейтініне қарамастан, үнемі жаттығып, жарыстарға сақадай сай жүруге тырысады. Осылайша олар еңбекқорлық пен табандылық - кез келген бастамада табысқа жетудің кепілі екенін тағы дәлелдеді. Тек ҚБМ емес, ел абыройын асқақтатқан мұнайшыларды ауқымды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!



ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҮЗДІК ҮШТІГІНДЕ

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өндіріс пен спортты қатар алып жүрген жұмысшылары жетістіктерін еселеді. Орал қаласында Самбо күресінен спорт шеберлері арасында өткен Әлем чемпионатында технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев қола медаль қанжығалады.

11 елдің 500-ден астам спортшысы қатысқан байрақты бәсекеде 40-44 жас аралығында сайысқа түскен мұнайшы 4 белдесу өткізіп, ширек финалда Ресей спортшысына есе жіберді. Осылайша Бауыржан 3 орынға ие болып, ел намысын асқақтатты. Сондай-ақ аталмыш додаға бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БЖҰЖКЖД) шебері, Маңғыстау облыстық самбодан

ардагер спортшылардың аға бапкері Сәндібек Дүйсенбеков те қатысты. 44-49 жас аралығында 64 келі салмақта өнер көрсеткен ол жалпы есепте бесінші сатыға тұрақтады.

«Әр қатысушы жарыстардан тәжірибе жинап, шыңдала түседі. Бастысы жаттығуды үзбей, кен орнында да, вахтааралық демалыста да жеңіске жетуге талпыну керек. Бұл біздің шың емес. Әлі талай асуларды бағындырамыз!», - деді жігіттер.

Негізгі қызметі өндіріс алаңында болса да, әлемдік аренада жеңіс тұғырына көтерілген қаражанбастықтар - компания мақтанышы. ҚБМ Басқармасы мен еңбек ұжымы атынан қос мұнайшыны жетістігімен құттықтаймыз!



ЕЛОРДАДА ҚАРАЖАНБАС ЖҰМЫСШЫСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ

Өндірісте еңбек ететін «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары өнерден де құр алақан емес. Астанада ҚБМ әлеуметтік жұмыс және ішкі коммуникация тобының әлеуметтік мәселелер бойынша инженері, әнші, әуесқой композитор Марат Сәулебайдың «Қазақстан» атты шығармашылық кеші өтті.

Атаның қаны, ананың сүтімен аманат етілген өнерді шыңдап келе жатқан Марат он жылдан бері Қаражанбас кен орнында жұмыс істейді. Ол жастайынан музыкаға ерекше қызығушылық танытып, жергілікті және отандық 10-ға жуық ақын өлеңіне ән жазған. Концертке ҚБМ әлеуметтік саясат және мердігерлермен өзара іс-әрекет департаменті директорының орынбасары Марат Себасов арнайы қатысып, компания Басқармасының құттықтауын жеткізді.

«Өнерді серік еткен мұнайшылар жетістігі – біз үшін зор мақтаныш. Осынау кеште Марат Балғабайұлының әніне жазылған туындыларды тыңдап, рухани демалып, ерекше әсерге бөлендік. Әріптесіміз бүгінгі концерт арқылы шын өнердің шыңға жетелейтінін тағы дәлелдеді. Алдағы уақытта да өндіріспен қатар өрілген шығармашылығыңызға сәттілік тілейміз!», – деді М.Себасов.

Астанадағы концерт толқыны тулаған, шағаласы шулаған асау Каспий ерке Есілге ән боп құйылған керемет

кеш болды. Концертте Мараттың өзімен қатар, Қазақстанның бес аймағының өнерпаздары атыраулық Бибігүл Сауытова, қызылордалық Күнсұлу Түркпен, Көкшетаудан Жанарту Бекмұрат, Түркістан облысынан Ердаулет Ыбыраев және маңғыстаулық өнерпаздар мен Халықтық ұжым «Сәулебаевтар жанұялық ансамблі» ән шырқады.

«Әр композитор үшін туған елінің бас қаласында шығармашылық кеш беру үлкен бақыт қой. Талантымды шын бағалап, концерттәкізуге қолдау көрсеткен өнер жанашырларына алғысым шексіз. Жүректен шыққан әуен құлақтан кіріп, бойды баураса шабытымыз шарықтап, қазақтың ән қоржынына өміршең туындылар қосамыз деген сенімдемін», – деді кеш иесі.

Айта кетейік, 2001 жылы Марат Сәулебайдың тырнақалды туындысы «Қос шағала» әні маңғыстаулық әнші Бекслан Аязбаевтың орындауында республикалық телеарнадағы «Тамаша» ойын-сауық отауы арқылы көрерменге жол тартты. Қазір «Қазақстан», «Ғасырдың түлектері», «Отпан тау», «Ініме хат», «Балзибаның әні» және «Ауыл арман» сияқты әндерін Тамара Асар, Абай Бегей, Бауыржан Ретбай, Жасұлан Таласбаев, Бүркіт Елбаев сияқты т.б. әншілер орындап, тыңдарман талғамынан шығып жүр.



АДАМДЫҚ ПЕН МАМАНДЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

Білікті де тәжірибелі мамандардың ұстаханасына айналған Қаражанбас талай тәлімгерді түлеткен қазыналы кен орын. Мұндағы аға буын жас толқынға жылдар бойы білгені мен түйгенін үйретіп, құрметті демалыс алдында жауапты қызметін сеніммен тапсырады. Бұл жолы пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының дәнекерлеушісі Александр Костюк алпыстың асқарын бағындырды. Компанияда қалыптасқан дәстүр бойынша еңбек ұжымы өмірдің жаңа кезеңі – зейнеткерлікке қадам басқалы тұрған әріптеске құрмет көрсетті.

Александр Костюк аталмыш цехта 20 жылдан астам уақыттан жұмыс істейді. Ол осы уақыт ішінде мыңдаған металды біріктіріп, темірден түйінтүген маман. Алтыншы дәрежелі дәнекерлеуші Қаражанбаста ұйымдастырылатын «Үздік маман» сайысының алғашқы жеңімпаздарының бірі. Жұмысшы

мықтылығын аймақтық байқауларда да дәлелдеп, үздіктер қатарынан көрінген.

«Менің Қаражанбаста өткен жылдарым өмірімнің ерекше мағыналы кезеңі деп айта аламын. Вахтада жүріп мықты мамандармен таныстым, әріптестер арасынан өзіме сыйлас достар таптым, кәсіби шыңдалдым. Зейнет демалысы алдындағы соңғы ауысымда бойымда қимастық сезімі басым. Дегенмен жолымызды жалғайтын жастарға сенімім мол. Қаражанбас қарыштап дами берсін!», – деді А. Костюк.

Кәсібилік, жауапкершілік пен қарапайымдылық. Бұл қаражанбастықтардың адамдық пен мамандық жолындағы басты қасиеттері. Енді Александрды еңбегінің жемісін көретін ұмырының жаңа, маңызды әрі қызыққа толы кезеңі күтіп тұр. ҚБМ-де өз кезегінде ардагерлерге үнемі қамқорлық танытып, назардан тыс қалдырмауға тырысады.



ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ҚОС ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

Қаражанбас кен орнында өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт салдарын алдын алу мақсатында, жоспарлы оқу-жаттығу өтті. Шараға Маңғыстау облыстық өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті және облыстық төтенше жағдайлар департаменті өкілдері, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметі мамандары, «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылығы, «Семсер-Өрт Сөндіруші» өрт-құтқару қызметінің және «Ақ Берен» әскерилендірілген апаттық-құтқару қызметі МОФ жауынгерлік топтары қатысты.

Жоспар бойынша орталық инженерлік-технологиялық қызметінің

кезекші диспетчеріне №4881J бұрғылау мұнарасының жоғары палатасында жұмысшы зардап шеккені туралы дабыл келіп түсті. Оқиға орнына жедел жеткен Маңғыстау филиалының «Ақ Берен» АСА техникасымен 5 құтқарушы, өндіріс алаңындағы альпинизм жабдықтарын пайдалану арқылы зардап шеккен жұмысшыны эвакуациялап, медицина қызметкерлеріне тапсырды.

Бұдан соң келесі сценарийге сәйкес аталмыш ұңғымада бұрғылау кезінде пайда болған ашық газ-мұнай субұрқағы пайда болды. Бұл туралы бұрғылау қондырғысының шебері ОИТК диспетчеріне хабарласып, дабыл қақты.

Алдымен «Семсер-Өрт Сөндіруші» қызметі өртті болдырмау мақсатында су шашып, жағдайды бақылауда ұстап тұрды. Одан соң «Ақ Берен» қызметі жұмыс аймағының газдану деңгейі мен ұңғыма жағдайын тексеріп, гидравликалық қысық арқылы құбырды қысып тастады. Мамандардың жедел әрі кәсіби қызмет көрсетуі арқасында апат тез арада жойылды.

Бақылаушылар оқу-жаттығуға қатысқан барлық бөлімшелер жұмысын «Өте жақсы» деп бағалады. Мамандар құтқару қызметі мен өндірістік персоналдың өзара іс-қимылы жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.



ПЖИЖЦ – МЫҚТЫ МҰНАЙШЫЛАР МЕКЕНІ



Қаражанбастың пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехы жұмысшылары ұжымдық рухты нығайту мақсатында цехішілік спорт сайыстарын өткізді. Мұндағы дәнекерлеуші, құрастырушы, токарь және слесарь мамандар бір-бірімен сынға түсіп, өзара мықтылар анықталды.

Ең алдымен жұмысшылар білектілер бәсекесі – қол күресте бақ сынады.

Тартысты дода арқан тарту, ләңгі тебу сияқты ұлттық ойындармен жалғасты. Жанкүйерлер қатысушыларға ерекше қолдау көрсетіп, жеңіске жетуге сенім мен жігер сыйлады.

Сайыс қорытындысы бойынша қарсыластарынан оза шауып, шашасына шаң жұқтырмаған мұнайшылар мақтау қағаздарымен, сыйлық сертификаттарымен марапатталды.



II ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Мұнайшылар күніне арналған спорт додасы көптеген жұмысшының физикалық күші мен зияткерлік қабілетін айқындады. Олар бір ай бойы 9 спорт түрінен сынға түсіп, жеңіске жетуге бар күш-жігерін салды.

Тартысты жарыстар шағын футбол турнирімен жалғасын тапты. Мұнайшылар жасыл алаңда кәсіби аяқдоп шеберлерінен кем түспейтін ойын өрнегін көрсетті. Нәтижесінде Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті (БЖҰЖКЖД) құрамасы III орынға ие болды. Жылу және сумен қамту цехы (ЖЖСҚЦ) командасы екінші орынды қанағат тұтты. Ал, қарсыластарынан оқбойы озық шыққан орталық инженерлік-технологиялық қызмет (ОИТК) құрамасы үздік атанып, I орынды қанжығалады.

Бұдан соң үстел теннисі мен бильярд жарыстарында мұнайшылардың жылдам ойлау және тез әрекет ету қабілеті

сыналды. Бильярдтан БЖҰЖКЖД бұрғышы көмекшісі Асылбек Алшынбай үздік үштікті түйіндесе, технологиялық көлік департаментінің машинисі Аманжол Тұрлыбаев II орынға ие болды. Электр цехының электромонтері Жайық Дәуешов шашасына шаң жұқтырмай чемпиондық атаққа лайық деп танылды.

Үстел теннисінің үздіктерін анықтау да оңайға соққан жоқ. Екі күндік жарыс қорытындысына сәйкес, бу өндіру цехының машинисі Ерсайын Кемелханов III, жобалау-сметалық бөлімінің инженері Аслан Төлегенов II, ал БЖҰЖКЖД өндірісті қамтамасыз ету базасының жөндеушісі Бекзад Шадкам I орын алды.

Жұлдегерлер мен жеңімпаздарды құттықтай отырып, жетістіктерінің еселенуін тілейміз!



II ВАХТА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Үздіксіз жаттығу, тартысты дода, жеңісті сәт... Қаражанбаста мұнайшылар күніне орай II вахта жұмысшылары арасындағы спорттық жарыстар мәреге жетті. Жүзден жүйрік шыққан өндірістік басқарма Өндірістік басқарма директоры Кәрім Бозахаров құттықтап, мақтау

қағаздары, кубоктар мен сыйлық сертификатын табыс етті. Мұнайшылар бір ай бойы 9 спорт түрінен сынға түсіп, бәсекеге толы ойын өрнегін көрсетті. Қатысушылар жеңімпаз атануға барын салып, әр сайыс соңында үздіктер есімі анықталды. Бастысы жұмысшылардың ұжымдық рухы нығайып, бірлік арқасында талай асуды бағындыратынына көз жеткізді. Салтанатты марапаттау рәсімі өнерлі мұнайшылардың шағын концерттік бағдарламасымен жалғасты.



ҚАРАЖАНБАСТЫҚ ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) бу өндіру цехының машинисі Бейбіт Тілеген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 15 жылдығына орай ұйымдастырылған таланттар байқауының іріктеу кезеңінде үздік атанды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлері арасында өткен өнер додасында Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Шымкент, Павлодар қалаларындағы 16 мекеменің жұмысшылары бейнелеу өнері, вокал және айтыс аталымдары бойынша шеберлігін паш етті.

Ережеге сәйкес суретшілерге өз кен орнының көрінісін бейнелеу тапсырылды. Қылқалам шеберлері бірнеше сағат ішінде майлы бояулармен түрлі техникаларды қолданып, сурет салды. Жұмыстар арасынан қаражанбастық Бейбіт Тілегеннің картинасы үздік деп танылып, финалдық бәсекеге жолдама алды.

Бейбіттен бөлек, ҚБМ намысын вокал аталымы бойынша заң департаментінің аға заңгері Қазына Нұрымғалина қорғады. Әлемдік деңгейдегі әнді нақышына келтіріп орындаған ол қазылар алқасының оң бағасынан үлесті болды.

Айта кетейік, ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары жұмысшылары арасынан үздік шыққан 3 қатысушы Астанада өтетін финалға жолдама алды. Енді қаражанбастық қылқалам шебері «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы арасындағы өнер бәйгесінде Ұлттық компания намысын қорғайды.




PR МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының PR мамандарына арналған «Турболентті кезеңдегі баспасөз қызметі» тақырыбында тренинг өтті.

Қатысушыларға коммуникация және медиаталдау бойынша білікті спикерлер дәріс оқып, компания имиджіне әсер ететін ақпараттарды талдау тенденцияларымен таныстырды. Сондай-ақ ұйымдағы дағдарыс жағдайында туындайтын ақпараттық соққыларға кәсіби түрде төтеп беріп, ішкі-сыртқы коммуникацияны нығайту тақырыптары талқыланды.

PR мамандар теорияны меңгерумен қатар тәжірибелік тапсырма кезінде бірнеше топқа бөлініп, берілген ситуацияларға сәйкес кейстер қорғады.

Бұдан соң ҚМГ баспасөз қызметінің жетекшісі Дана Бахтығалиева еншілес ұйымдардағы PR бағыты бойынша алдағы жоспарлы жұмыстарға тоқталды. Осылайша өңірлердегі баспасөз хатшылары өзара тәжірибе алмасып, біліктілігін арттырды. Тренинг соңында қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.



ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

- 02.09.1963 жыл, Тәжіманов Серік Омарұлы,
№2 автотізбек жүргізушісі
- 05.09.1963 жыл, Есенов Сердірбек Орынбасарұлы,
БӨЦ машинисі
- 15.09.1963 жыл, Нәдіров Құспан Жұбатырұлы,
№1 автотізбек жүргізушісі
- 18.09.1963 жыл, Қырықмылтықов Ерден Жапарұлы,
№2 ҰКЖЖЦ шебері
- 23.09.1963 жыл, Абылаев Аманқос Ерқожаұлы,
Жылу және сумен қамту цехының операторы
- 25.09.1963 жыл, Сәулебаев Ибрагим Балғабайұлы,
күрделі құрылыс бөлімінің инженері
- 26.09.1963 жыл, Асқанбаев Медетхан,
№4 автотізбек машинисі
- 28.09.1963 жыл, Шаңдақбаев Жетес Кеулімжайұлы,
газ цехының шебері



50 жас

- 03.09.1973 жыл, Сисембаев Елнур,
көлік цехының диспетчері
- 03.09.1973 жыл, Шегирова Самал Қалдыбайқызы,
қоршаған ортаны қорғау тобының инженері
- 05.09.1973 жыл, Белбай Сатбай Түркенбайұлы,
№2 автотізбек жүргізушісі
- 06.09.1973 жыл, Орақов Аристотель Түлекешұлы,
№2 МӨЦ технологиялық қондырғылар операторы
- 07.09.1973 жыл, Шынжырбаев Есбай Жеткізгенұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 11.09.1973 жыл, Есетов Максұт Тілегенұлы,
№1 автотізбек жүргізушісі
- 17.09.1973 жыл, Тасжанов Таңатбек Далубекұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 23.09.1973 жыл, Сәтбаев Бақтығали Жәдігерұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 23.09.1973 жыл, Ақжігітов Қуандық Сағатұлы,
данекерлеу-монтаждау учаскесінің құрастырушысы
- 24.09.1973 жыл, Өрімбаев Бахытжан Қалымұлы,
аудармашылар тобының жетекші аудармашысы
- 26.09.1973 жыл, Әмірханов Сабыр Мақымғалиұлы,
ПЖИЖЦ электргазбенданекерлеушісі
- 27.09.1973 жыл, Адыров Рзабек Заманбекұлы,
№6 автотізбек басшысы



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ волонтерлері бастаған эко челленджді «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылары қабыл алып, тазалық акциясын ұйымдастырды. Мұнайшылар Каспийтеңізі жағалауының 43-шақырымындағы демалыс аймағын тұрмыстық қатты қалдықтардан тазартты.

Сенбілікке Ш.Есенов атындағы университет студенттері де қосылды. Олар жағалаудағы қоқыстарды қапшықтарға жинап, арнайы техника көмегімен жүк көлігіне тиеді. Жиналған 100 қап қатты қалдық қоқыс полигонына жөнелтілді.

Қаражанбастықтар эко челленджді Атырау мұнай өңдеу зауытындағы әріптестеріне жолдады.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kmb.kz

Шаршова Е.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: Y_Sharshova@kmb.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kmb.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 «Б» ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz